



ӘӨЖ 343.359 (574)

**Бижан Н.Р.,  
Ерманқұлов М.,  
Ескендерова Ф.**

**САЛЫҚТАН  
ЖАЛТАРУДЫҢ АЛДЫН  
АЛУДА СОТ ЖҮЙЕСІНІН  
РӨЛІ**

*Автор в статье рассматривает роль судебной системы в предупреждении уклонения от уплаты налогов.*

*In given article the role of judicial system in the prevention of evasion from payment of taxes is considered*

Елімізде сонғы жылдары сот жүйесіндегі әділеттілік орнатуда судьялар тәуелсіздігін күшету жөнінде көптеген нақты заңдар қабылданды. Атап айтқанда, 2000 жылы 25 желтоқсанда Қазақстан Республикасының «Сот жүйесі мен судьялардың мэртебесі туралы» конституциялық зан, 2000 жылғы 1 қыркүйекте Қазақстан Республикасындағы «Сот жүйесінін тәуелсіздігін күшету шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінін Жарлығы, 2000 жылғы 12 қазанда «Сот әкімшілігінін жаңа жүйесінін қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінін Жарлығы қабылданды. 2001 жылы 1 маусымда «Қазақстан Республикасы Жоғары сот Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының заны, 2007 жылы елімізде жүзеге асырылған Конституциялық реформаларға сәйкес Соттар және сот төрелігі туралы Конституцияның бірнеше баптарына елеулі өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, сот жүйесін жетілдіруге жол аштын маңызды шаралар қабылданды. Осы атапта нормативтік-құқықтық актілер елімізде сот жүйесін, оның қызметін дамытуға, судьялардың беделін арттыруға айтарлықтай негіз жасады, сот қызметі өмір талабына елімізде орын алып жатқан элеуметтік-экономикалық, саяси-ұйымдастырушылық өзгерістерге сәйкес жүзеге асырылуда.

Оның айғағы азаматтардың өздерінін заңдық құқықтары мен бостандықтарын қорғау сотқа шағым беру санының көбеюі, осыған орай Республика бойынша сот әділдігін жүзеге асыратын судьялар штатының жылма-жыл ұлғая түсіү болып отыр. Республикамыздың азаматтары соттарды өздерінін зансыз бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіретін, әділетті қорғаушы мемлекеттік органды деп санайды. Кейбір реттерде баспасөз беттерінде жарық көрген соттар халық алдында әлі беделге толық ие бола алмай отыр деген жекелеген жансак пікірлермен ешқандай келісуге болмайды. Қазақстан Республикасы сот жүйесінін даму тұжырымдамасында да елімізде жүзеге асырылуда.



рылған сот жүйесінің даму кезеңдері, қазіргі сот жүйесінің жай-күйі, сот құрылышын одан ері жетілдіру қажеттілігі, сотта іс жүргізу, олардың қызметін үйлестіру, ұйымдастыру, заңдарды түсіндірудегі Жоғары соттың атқаратын қызметі мен маңызы туралы мәселелермен қатар, болашақта осы салада іске асырылуы қажет проблемаларға да ерекше мән берілген. Мамандандырылған соттар институтын дамыту, тараңтардың бәсе-кеlestігі мен тен құқықтылығын қамтамасыз ету, алдын-ала тергеу әрекеттеріне соттың бақылауды белгілеу, алқа заседательдерін қатыстыра отырып, өлім жазасы көзделген қылмыстық істерді карау, азаматтық істерді жүргізудегі сот прецеденттерін енгізу, Жоға-ры сотқа заңдарға ресми түсіндіру құзыретін беру сияқты аса құнды ұсыныстардың осы тұжырымдарда көрініс табуы өте құптарлық. Бұл толғағы жеткен мәселелердің көбі зан жүзінде шешімін тапты.

Аталған шаралар, Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабында көрсетілгендей сот төрелігін жүзеге асыруши сот жүйесінің қызметіне, сондай-ақ, судья кадрларын іріктең алуға үлкен мүмкіндіктер жасайды [1].

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2008 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына жолдауында да елдін құқық қорғау және сот жүйелерінің криминалдық көріністерге қарсы тұратын, азаматтарымыздың өмірі мен құқықтарын қорғайтын әлеуеті едәуір нығайды, болашақта да құқық қорғау және сот жүйесі қазақстандықтардың құқықтарының әділ де тиімді қорғауын қамтамасыз етуі тиіс – деп атап көрсетілді. Елімізге халықтың сотқа деген сенімі жылма-жыл артып келеді [2].

Алматы мен Астана калаларында эксперимент ретінде ашылған кәмелетке толмағандардың ісі бойынша мамандандырылған ювиналды соттардың қазіргі кезде маңызы зор.

Мұндай соттардың құрылуы – қазіргі таңдағы заман талабы. Себебі, кәмелетке толмағандардың ойлау қабілеттілігі, іс-әрекеттерінен туындастыны жауапкершіліктерді сарапау, коршаған қоғамдағы болып жатқан құбылыстары өзіне қабылдау, оны талдау, қайта жаңғыру процестері басқа тұлғаларға қарағанда төмен. Оларша ойлайтын, оларша есеп жүргізетін оларша іс қымыл жүргізетін зангерлер, мамандар қажет. Мұндай зангерлердің, мамандардың тек алдын ала тергеу барысындағы ғана болуы сот барысындағы қылмыстық істерді қараста көзінде кәмелетке толмағандар құқығының шектелуіне алып келеді.

Сот жүйесіне келтірілген өзгерістер, соттардың кәмелетке толмаған тұлғаларға қылмыстық іс әрекет немесе әрекетсіздіктері үшін ҚР Қылмыстық кодекстің 79-бабы бойынша жаза тағайындағанда он әсерін тигізірі анық [3].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық істер жүргізу кодексіндегі 52-тарауда қылмыстық істердің жекелеген санаттары бойынша іс жүргізудің ерекшеліктері ретінде кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша іс жүргізу бөлек көрсетілген [4]. Мемлекеттімізде кәмелетке толмағандардың арасындағы қылмыстық істі алдын ала тергеу барысындағы құқықтық әрекеттеріне тоқаталып кетсек те болады. Қазақстан Республикасының «Қылмыс жасағандағы сезіктілер мен айыпкерлерді қамауда ұстау ережелері мен тәртіптері туралы» 1999 жылғы 30 наурыздағы №353-1 ЗРК занының 30-бабында (3-тармағы) атап көрсетілген [5].

Еліміздің аталған тұлғаларға қатысты қылмыстық істерді жүргізу және сотта қараста көзіндегі заннамаларда біршама ретткे келтірілгенімен, әліде болса өзертүлер мен толықтыруларды жасауды талап етуде. Атап айттар болсақ, ҚР ҚДЖК-нің 485 бапта кәмелетке толмаған айыпталушыдан, сезіктіден жауап алу корғаушысының, заңды өкілінің, ал қажет болған жағдайда психологияның, педагогтің қатысуымен жүргізіледі деп көрсетілген. Психологтардың, педагогтердің сот талқылауына қатыстырылмауы, кәмелет-е толмаған тұлғалардың ондай сот отырыстарында толқуының, қоркуының салдарынан олардың іс-әрекеттеріне толық жауап бере алмауына экем соғып, психикалық жағдайларына қатты әсер етеді. Ал бұдан туындастыны: аталған тұлғалардың сотта берген жауаптарының шынайылығының, оның көрсетпелерін дәлелдеме ретінде қолдануға болатынына кепілдіктің болуына күмән туғызады.



Сонымен қатар, кәмелетке толмағандардан жауап алу кездерінде, олардың жан күй-зелісіне ұшыраған, психикалық немесе өзге ауыр науқаста болған кезіндердегі дәрігердің рұқсатымен, онын қатысуымен жүзеге асырылуы және де жауап алуды тоқтату шаралары каралмаған. Бұл құбылыстарды ескермей, оған талдау жасамай және есепке алмай жүргізілген алдын ала тергеу де, сот қарауы да заннамалардағы заңдылық қағидатының бұзылуына әкеп соғады. Аталған жағдайдағы кәмелетке толмаған тұлғаның жауаптары жалған, зансыз болып, сот жүйесінде әділеттілік орнатуға кері әсерін тигізді.

КР ҚҰЖК-нін талаптары бойынша жалпы қорғаушының қатысуы тұлғанын құдікті, айыпталуши, сottталуши болып танылған кезден бастап, яғни алдын ал тергу және сот қарау істері жүргізілген кезден бастап қатыстырылады. Бұл талаптарды кәмелетке толмағандарға колдануға болмайды. Бұрын соңды мұндай ортада болмаған, құқық қорғау органдарына шакырылмаған, онда қылмыстық процесті жүргізуші органдардың ісінде субъекті ретінде болып, оны жүргізуге қатыспаған, бұндай жағдайда іс әрекеттеріне жауап берे алмайтын халде болуы, кәмелетке толмаған тұлғаның психикалық жағдайына қатты кері әсерін тигізді. Мұндай келенсіз жағдайларда жасөспірім тек өзінін ата-анасын, жақын туыстарын, өзінін мұғалімдерін және қорғаушын, яғни оған жанашыр адамды ғана іздейді. Қөнілі жай таппаған тұлғаның психикасы заннамаларға, мемлекетке, құқық қорғау органдарына деген көзкарасы өзгереді. Бұдан туындастыны, кәмелетке толмаған тұлғанын заннама талаптарын бұзуға әкеліп соғып, уақыт өте келе ақыры қылмыстық жолға түсіне тұра жол болады. Демек, қорғаушыны кәмелетке толмаған тұлғаны алдын ала тергеуге дейінгі тексеру кезеңінде де қамтамасыз ету кажеттігі туындаиды.

Қаржы полициясы қызметкерлерінің болжамдарына жүгінсек, салықтық қылмыстардың негізгі бөлігінін ашылмайтындығына көз жеткіземіз.

Тергеу аяқталған КР ҚК 208-бабы бойынша қылмыстық істердін 83%, 221-бабы бойынша қылмыстық істердін 51%, 222-бабы бойынша қылмыстық істердін 45,5% сотқа жіберіледі. Демек, ҚК 221,222-баптарындағы істердін тек жартысы ғана сотқа жіберіледі. Бұл жерде, мына сауалдар орынды туындаиды: адамзат әлемді жайлаған қылмыстылыққа тосқауыл бола алады ма? Адамның өмірге деген бұрынғы көзкарасы бүгінгі жағдаймен сәйкес пе, рухани байлықтың азаюы байқалады ма? Қоғамның криминализациялануының себебі бар ма? Қылмыспен құресте зан шығару базасының алатын орны қандай? Қоғамдық өзгерістер қажет пе және оның кезектілігі қандай? Осы сауалдарға жауап ізdemейтін бірде-бір мемлекет жоқ. Бұл сауалдарға дайын нақты жауап та бола бермейді, себебі мүмкіндігі аз алаяқтылылыққа қоғамда дағдылануына іс-тәжірбиеде жол береді. Белгілі дөрежеде, бұл қылмыстылық әрекетпен құресудің түрлі жолдарын іздеуге болады. Кейде ол қылмыстың себебін дұрыс анықталмауынан, құқық бұзушылықтың алдын алу әрекеттерінін координацияланбауынан да.

Сонымен, аталған толықтырулар мен өзгерістер зандарға енгізіletіn болса, салықтықтан жалтарудың алдын алуда сот әділдігін жүргізу мен занды үкім шығуының кепілі болуына мүмкіндік береді.

#### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: ЮРИСТ, 2006. – 5 б.
2. Республикамыздың Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» // Егемен Қазақстан. 2008. 2 наурыз
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2005. – 3 б.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2008. – 3 б.
5. Қазақстан Республикасының «Қылмыс жасағандарғы сезіктілер мен айыпкерлерді қамауда ұстау ережелері мен тәртіппері туралы» 1999 жылғы 30 наурыздағы №353-1 заны.